

Әскери қызмет өткеру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1996 жылғы 2 қазан N 462-ө

Контракт бойынша солдат және матрос, сержант және старшина лауазымында әскери қызмет өткеру туралы бірыңғай үлгідегі ережені қабылдау мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабы әзірлеген Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде контракт бойынша солдат және матрос, сержант және старшина лауазымында әскери қызмет өткеру туралы Ереже мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне, Ішкі істер министрлігіне, Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі мемлекеттік комитетіне, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетіне, Республикалық ұланға, Қазақстан Республикасының Үкімет байланысы әскерлеріне осы үлгі Ережені негізге алып, контракт бойынша солдат және матрос, сержант және старшина лауазымында әскери қызмет өткеру туралы ережені белгіленген тәртіппен әзірлеп, бекіту ұсынылсын.

Премьер-Министр